



**«ПК Констракшн»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**«ЖАҢАӨЗЕН Қ. ЖАҢА ГАЗ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫС»**

ЖОБАСЫ

ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

ҚЫСҚАША ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ТҮЙІНДЕМЕ

2026 жыл

1. КІРІСПЕ

Жаңаөзен қ. жаңа ГӨЗ (ЖГӨЗ) жүзеге асыру Маңғыстау облысының халқы мен өнеркәсіптік кәсіпорындарын өнеркәсіптік және әлеуметтік маңызы бар газ өңдеу өнімдерімен - сұйытылған мұнай газымен, құрғақ (тауарлық) газбен, пентан-гексан фракциясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салудың негізгі мақсаты:- шикізатты неғұрлым барынша өңдеумен тиімді пайдалану болып табылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы "Қазақ газ өңдеу зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС "ҚазГӨЗ"). ЖШС "ҚазГӨЗ" СҚД басшысы – Б.А.Сейтказиев.

Мекен-жайы: 130200, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.ә,

Жаңаөзен қ, Өнеркәсіптік аймақ 1, 15г. Тел.: 8 (72934) 64-719; 64-119, vedur@kazgprz.kz

Осы Техникалық емес түйіндеме "Жаңаөзен қ. жаңа газ өңдеу зауытын салу." жобасының Ықтимал әсерлер жөніндегі есебінің материалдары негізінде дайындалды.

2025 жылғы қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша оң Қорытынды алғаннан кейін, одан әрі толықтай жобалау процесінде, ЖГӨЗ пайдалану кезіндегі технологиялық жабдықтың жұмыс режиміне қатысты жеке техникалық шешімдер нақтыланды. Жабдықтар мен материалдар жеткізушілерінен алынған техникалық шешімдер (көрсеткіштер) туралы толық және сенімді ақпарат нысан қызметіне өзгерістер енгізуге себеп болады. Өзектендірілген деректер негізінде ЖГӨЗ пайдалану кезеңінде әсер ету көрсеткіштері нақтыланды. Талдау және есептеу нәтижелері эмиссиялардың сандық және сапалық көрсеткіштерінің, түзілетін қалдықтардың түрлері мен санының өзгерістерінің бар екенін көрсетті. Сондықтан 2026 жылғы ЫӨ есебінің жобасы ЖГӨЗ пайдалану кезеңі үшін нақтыланған техникалық жобалық шешімдер негізінде әзірленді.

Құрылыс-монтаж жұмыстары кезеңі үшін елеулі өзгерістер жоқ, тигізілетін әсерлер 2025 жылы алынған Экологиялық рұқсатқа сәйкес келеді.

ҚР Экологиялық кодексінің 65-бабының талаптарын ескере отырып, Ықтимал әсерлер туралы есепте және осы Техникалық емес қысқаша түйіндемеде ЖГӨЗ пайдалану кезеңі қарастырылады, онда объект қызметіне енгізілетін өзгерістер (эмиссияның нақтыланған көрсеткіштері, қалдықтардың түзілуі, су тұтынудың/су бұрудың нақтыланған көрсеткіштері) ескерілген, бұған дейін оларға қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізілді.

Техникалық емес түйіндеме Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексінің (өзгерістер мен толықтырулармен) және 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың (өзгерістер мен толықтырулармен) талаптарына сәйкес дайындалды.

Техникалық емес түйіндеме Жаңаөзен қ. жаңа газ өңдеу зауытының құрылысына экологиялық бағалау жүргізу аясында дайындалды.

2. БЕЛГІЛЕНІП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ОРНЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ. ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС АУМАҚТАР

Жаңа газ өңдеу зауытының (ЖГӨЗ) құрылысын жүргізу Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы өнеркәсіптік (индустриялық) аймақта жоспарланған.

ЖГӨЗ құрылысы салудан бос аумақта, жұмыс істеп тұрған Қазақ газ өңдеу зауыты («ҚазГӨЗ») алаңынан батысқа қарай 0,5 км қашықтықта орналастыру көзделеді. Жобаланатын ЖГӨЗ аумағының орналасуы 1-суретте көрсетілген.

Жобаланатын ЖГӨЗ--на ең жақын елді мекен Жаңаөзен қаласы. Жаңаөзен қаласының тұрғын аймағына дейінгі арақашықтық 3,3 км құрайды. Облыс орталығы Ақтау қаласы 150 км қашықтықта орналасқан.

ЖГӨЗ аумағы тегіс, антропогендік өзгерістерге ұшыраған рельефі басым жазық алаң болып табылады. Аумақтағы биіктік белгілері елеусіз өзгереді, айтарлықтай көрінетін еңістер байқалмады. ЖГӨЗ координаттары 1-кестеде берілген.

1 Кесте Жобалау шекарасы шегіндегі ЖГӨЗ аумағының географиялық координаттары

Нүктелер №	С.Е.	Ш.Б.
1	43°22'24.77"	52°47'37.08"
2	43°21'52.85"	52°47'45.71"
3	43°21'50.78"	52°47'27.29"
4	43°22'14.02"	52°47'21.93"

Жобаланатын ЖГӨЗ шекарасында тұрғын үй аймақтары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сәулет және мәдени мұра ескерткіштері, курорттық және демалыс аймақтары жоқ..

Жобаланатын нысан мемлекеттік орман қоры және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің аумағына кірмейді (ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 23.07.2024 ж. хаты). Құрылыс алаңының аумағында жасыл екпелер жоқ..**Табиғи ресурстарды алу және қалдықтарды көму учаскелері.** Қазіргі уақытта жұмыстар жүргізілетін аумақта қалдықтарды көму объектілері (полигондар) жоқ.

Жобалық шешімдерде қалдықтарды көму көзделмеген. Кәсіпорынды салу және пайдалану процесінде пайда болатын барлық қалдықтар қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес, кәдеге жарату, залалсыздандыру немесе қайта өңдеу үшін шарт негізінде мамандандырылған, лицензиясы бар ұйымдарға берілетін болады.

Пайдалы қазбалар кен орындары тікелей құрылыс алаңында жоқ. Барлық қажетті табиғи құрылыс материалдары (құм, қиыршықтас, құмды-қиыршықтас қоспасы және т.б.) жасалған Шарттар негізінде Маңғыстау облысының карьерлерінен жеткізілетін болады.

теңізінің су қорғау аймағынан тыс орналасқан (Жайық-Каспий бассейндік инспекциясының 16.08.2024ж. хаты).

Жерасты сулары. Жоспарланған жұмыстар ауданында тегеурінсіз жер асты суларының бір су тұтқыш қабатының болуы анықталды. Химиялық құрамы бойынша жер асты сулары сульфатты-хлоридті натрийлі-кальцийлі, хлоридті-сульфатты натрийлі кластарға жатқызылады, жоғары минералдануы - 15088,8 мг/л дейін (Инженерлік ізденістер, 2024).

Топырақтары. Жер ресурстары. Топырағы қарашірік пен қоректендіру элементтерінің өте төмен болуымен, барлық жерде сортаңдануымен, жоғары карбонаттылығымен, сорлануымен, топырақ ортасының сілтілік реакциясымен сипатталады. Ауыл шаруашылығы тұрғысынан топырақтың көптеген түрлері егіншілікке жарамсыз және аз өнімді маусымдық жайылымдар ретінде пайдаланылуы мүмкін немесе қолайсыз жерлерге жатқызылады

ЖГӨЗ объектісі орналасқан учаске өндірістік игерілген және шаруашылық қызметті жүргізу нәтижесінде өзгерген. Топырақ жамылғысы кей жерлерде кезеңдік және тұрақты, антропогендік және техногендік әсерлер нәтижесінде механикалық тұрғыда бұзылған.

Топырақтағы ауыр металдардың жалпы нысандарының концентрациясы, күшән мен кадмийді қоспағанда, рұқсат етілген нормативтік мәндерден төмен. Бұл элементтердің жоғары шоғырлануы топырақтың үстіңгі қабаттарында, топырақ түзетін (аналық) жыныстарда және фондық учаскеде бір мезгілде белгіленеді, бұл болашақта мониторингтік бақылау жүргізу кезінде ескерілуі қажет элементтер құрамының өңірлік табиғи геохимиялық ерекшелігін көрсетеді.

Мұнай өнімдері ластанудың рұқсат етілген деңгейінің шегінде. Бенз (а) пиреннің шоғырлануы рұқсат етілген нормативтік мәннен аспаған және зертханалық әдісті айқындау шегінен төмен. Фенол құрамының мәні де төмен көрсеткіштермен сипатталады.

Топырақтардағы/жерлердегі табиғи радионуклидтердің тиімді меншікті белсенділігінің көрсеткіштері рұқсат етілген деңгейден аспайды.

Жер ресурстары. ЖГӨЗ құрылысы мен объектілерін орналастыруға, соның ішінде сыртқы желілік объектілерді қамтитын жалпы жер ресурстарына деген қажеттілік 134,25 га (1,343 км²) құрайды, бұл ретте игерілетін аумақтың шартты шекарасындағы ЖГӨЗ аумағы шамамен 41,28 га болады.

Құрылыс үшін жер бөлу ҚР Жер кодексінің ережелері негізінде және қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Құрылыстың аумағы жердің сапасы бойынша ауыл шаруашылығы мақсаттарында пайдалануға мүмкіндігі аз, ал өзінің мақсаты бойынша осы салада пайдалануға болмайтындығын атап өтуге болады. Уақытша жер пайдалануға бөлінген учаскелер өз санаты бойынша өнеркәсіптің, қалалық және елді мекендердің жерлеріне жатады. Белгіленген қызметті іске асыру үшін ауыл шаруашылығында пайдаланылатын учаскелерді (алқаптарды) алып қою жүргізілмейді

Биоэралуандылық

Өсімдік. Жобаланатын жұмыстар аумағындағы өсімдік жамылғысы едәуір өзгерген. Адамның шаруашылық қызметі негізінде орын алған ландшафттар басым. Техногендік әсердің салдарынан өсімдік жамылғысы флораның жұтаңдығымен және биологиялық әралуандылықтың төмен деңгейімен сипатталады.

ЖГӨЗ аумағында өсімдіктер ішінара сақталған түпкілікті өсімдіктерден (ақ жерлі жусан және бұйырғынды қауымдастықтар) және ақ жерлі жусан мен бұйырғандының қатысуымен талшықты немесе кәдімгі сүттіген, түйетікенек, арпабастың басым болуымен антропогендік түрлендірулерден тұрады). Көбінесе

бұйырғандылар басым. Бұл кешендер қауымдастықтарының құрамында бір жылдық - мортық, мүйізтұмсық, тесікжапырақты шытырмақ, жіпжапырақты шытырмақтар мол. Итсигек пен татар рауғашы өсімдік кешендеріне кіретін барлық қауымдастықтарға қатыса отырып, кейде ландшафтық өсімдіктерге айналады.

Бұл аумаққа өсімдіктердің табиғи ғана емес, жасанды жолмен жаңаруының шектеулі мүмкіндіктері, сондай-ақ өсімдіктер қауымдастықтарының жоғары осалдығы тән.

Зерттеу материалдары мен жоба аумағындағы әдеби деректер бойынша ҚР Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктердің сирек кездесетін және қорғалатын түрлері жоқ.

Жануарлар дүниесі. ЖГӨЗ жоспарланған құрылыс учаскесіндегі табиғи мекендеу орындары антропогендік бұзылудың өте күшті дәрежесімен сипатталады.

2024-2025 ж.ж. құрылыс аумағында жүргізілген инженерлік-экологиялық ізденістердің нәтижелері бойынша омыртқалы жануарлар фаунасының жабайы өкілдері байқалған жоқ.

Қарастырылып отырған аумақ антропогендік бұзылған аумағы бар индустриялық аймақта үлкен елді мекенге жақын орналасқандығын ескере отырып, құрылыс алаңында және іргелес учаскелерге жақын жерде негізінен омыртқасыз және синантропты омыртқалы жануарлар түрлері, сондай-ақ кейбір ұсақ кеміргіштер (бортышқан) байқалады. Фондық түрлерден кеміргіштер, бауырымен жорғалаушылардан - кесірткелер кездеседі. Алқап маңындағы жерлерде мекендейтін жабайы жануарлар қаралып отырған аумақта кездейсоқ жеке-дара кіру нәтижесінде кездесуі мүмкін

Жалпы алғанда, фаунаны түрлік әралуандылыққа қатысты саны аз және аса көп емес деп сипаттауға болады.

Қолда бар мәліметтер бойынша, ЖГӨЗ аумағында ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлардың сирек кездесетін және қорғалатын түрлері жоқ. ЖГӨЗ алаңы құрлықтағы жануарлардың көші-қон қозғалысы жолында және құстардың көші-қон жолдарында орналаспаған.

3. АТҚАРЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Жаңа жоғары технологиялы газ өңдеу зауытын салу Маңғыстау облысы үшін стратегиялық мәнге ие, өйткені жұмыс істеп тұрған «ҚазГӨЗ» өткен онжылдықтар бойы өңір үшін сұйытылған мұнай газын негізгі жеткізуші болды.

ЖГӨЗ объектілерін орналастыру үшін Жаңаөзен қ. индустриялық (өнеркәсіптік) аймағының жерлерін пайдалану жоспарлануда.

Жобада өндірістік мақсаттағы және инфрақұрылым объектілерін салу және одан әрі пайдалану көзделеді. ЖГӨЗ құрамына келесідей объектілер кіреді:

- негізгі технология объектілері;
- жалпы зауыт шаруашылығы объектілері (ЗШО);
- әкімшілік-шаруашылық ғимараттар (ӘШҒ);
- темір жол инфрақұрылымы объектілері;
- сыртқы объектілер.

Құрылыс

Құрылыс жұмыстары бір жылдан астам уақытқа созылады деп жоспарлануда.

Құрылыс процесінде келесідей жұмыс түрлері жүргізіледі: дайындық жұмыстары, бөлшектеу жұмыстары (қолданыстағы объектілерді кейіннен кәдеге жарату), монтаждау, уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салу, көліктік-логистикалық және тиеу-түсіру жұмыстары.

Аумақты тігінен және инженерлік дайындау, жер қазу жұмыстары, негіздері мен іргетастарды орнату, бетон және темірбетон жұмыстары, дәнекерлеу жұмыстары, электротехникалық жұмыстар, автоматтандыру бойынша жұмыстар, тоттануға қарсы қорғау, оқшаулау және сырлау жұмыстары, алаңдық және желілік объектілердің инженерлік коммуникациялары мен желілерін төсеу жоспарланған, жолдар салу және өту жолдарын салу, асфальтбетон жұмыстары, темір жолдарды қайта салу, шаю, үрлеу және сынау бойынша жұмыстар және т.б.

Құрылыс алаңына қажетті ресурстар мен материалдарды жеткізу темір жол көлігімен және автокөлікпен жүзеге асырылатын болады. Жүктерді қабылдау - «Өзен теміржол станциясы» арқылы жүзеге асырылады.

Пайдалану

ЖГӨЗ пайдалануға берудің жоспарланған мерзімі - 2027 жыл

Пайдалану мерзімі- 20 жыл.

Газ өңдеу зауытының шикізаты:

- ілеспе мұнай және табиғи газ;
- жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы (ЖККФ);
- газ конденсаты болып табылады.

Ілеспе мұнай және табиғи газды, сондай-ақ газ конденсаты мен ЖККФ өңдеу процесінде мынадай тауарлық өнімді өндіру көзделеді:

- Құрғақ тауарлық газ (ҚТГ);
- Сұйытылған көмірсутекті газ (СКГ);
- Сұйық пентан-гексан фракциясы (ПГФ);
- Техникалық кесекті күкірт.

Жұмыс тәртібі: үздіксіз, тәулік бойы. Жұмыс уақытының қоры жылына 8400 сағат.

ЖГӨЗ жобалық қуаты:

- Шикізат газын қайта өңдеу бойынша ЖГӨЗ жалпы номиналды қуаты жылына 900 млн. м³,
- ЖККФ қайта өңдеу бойынша номиналды қуаты - жылына 40 мың т.
- Газ конденсатын қайта өңдеу бойынша номиналды қуаты - жылына 5 мың тонна.

Бастапқы шикізат мыналар болып табылады:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ кен орынынан қайта өңдеуге түсетін табиғи газ;
- «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Тасбулат Ойл Корпорэйшн» ЖШС кен орындарынан қайта өңдеуге түсетін ілеспе мұнай газы;
- «Tenge Oil & Gas» ЖШС кен орынынан ілеспе мұнай газы мен табиғи газдың қоспасы;
- «Өзенмұнайгаз» АҚ газ конденсаты;
«Қарақұдықмұнай» ЖШС кен орындарынан түсетін жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы (ЖККФ).

Ілеспе мұнай және табиғи газ ЖГӨЗ-на кен орындарынан газ құбырлары арқылы түседі. ЖККФ мен газ конденсаты ЖГӨЗ-на автокөлікпен жеткізіледі. **ЖГӨЗ орналасу орнын таңдау нұсқасы**

ЖГӨЗ құрылысы үшін алаңды таңдау "Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу" жобасының Ықтимал әсерлер туралы есебін келісу кезінде жүзеге асырылды. (ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің 15.07.2025 ж № KZ09VVX003870 қорытындысы).

ЖГӨЗ үшін таңдалған учаске келесі позициялар бойынша оңтайлы деп таңдалды:

- индустриялық (өнеркәсіптік) аймақта орналасқан;
- тұрғын үй аймақтары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА), орман қорының жерлері, сәулет және мәдени мұра ескерткіштері, курорттық аймақтар және басқа да жоспарланған жер бөлу шекараларында шектеу аймақтары жоқ;
- учаске Каспий теңізінен 60 км астам қашықтықта орналасқан;
- учаскеде және іргелес аумақта жер үсті су ағындары және басқа да су объектілері және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулері жоқ;
- шикізат газын жеткізуші құбырларының жақын орналасуы;
- қажетті инженерлік коммуникациялардың жақын орналасуы - сыртқы электрмен жабдықтау жүйелері, сыртқы сумен жабдықтау жүйелері, сыртқы байланыс желілері, кірме теміржолдар, Жаңаөзен - Ақтау автомобиль жолы.

4. АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ, САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫҢ КӨЛЕМІ, ҚАЛДЫҚТАР ЖӘНЕ ӘСЕРДІҢ ФИЗИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бұл бөлімде эмиссиялардың сандық және сапалық көрсеткіштері, су тұтыну көлемдері, өндіріс және тұтыну қалдықтарының көлемі, сонымен қатар әсердің физикалық факторларының деңгейі келтіріледі

4.1. Ластаушы заттардың шығарындылары (эмиссиялар)

Құрылыс

ЖГӨЗ объектілерін пайдалану кезінде атмосфералық ауаға стационарлық көздерден, қауіптіліктің 1-4-сыныптарына жататын 39 атаудағы ластаушы заттар түсетін болады.

ЖГӨЗ объектілерін пайдалану кезеңінде барлық стационарлық көздерден ластаушы заттардың туындауы ықтимал шығарындыларының шекті көлемі (жүргізілетін жоспарлы-ескерту жөндеулерді ескере отырып) небәрі жылына – **1972.9283 т; 802.9427 г/с** құрайды.

Атмосфераға түсетін ластаушы заттардың ең көп шығарындылары азот оксидіне, көміртек оксидіне, метанға, көмірсутектерге C₁-C₅, C₆-C₁₀, C₁₂-C₁₉, күкірт диоксидіне, жүзгінді заттарға, минеральды майға – 99 % тиесілі. Басқа заттардың көлемі 1% -дан аспайды. Күкіртсутегі шығарындыларының үлесі өте аз, шамамен 0,00073 % құрайды.

Таралу есептері жабдықтардың жұмыс режимін, шығарындылардың тұрақсыздығын және қолайсыз метеорологиялық жағдайларды ескере отырып орындалды. Жабдықтың толық жобалық қуатына штаттық (регламенттік) жұмыс режимін қоса алғанда және жобалық құжаттамада көзделген ықтимал дүркін шығарындыларды ескере отырып, 3 сценарий қарастырылды.

Барлық қарастырылған сценарийлер бойынша шығарындыларды таралу есептерінің нәтижелері ең жақын елді мекен аумағындағы атмосфералық ауада және 1000 м құрайтын санитарлық-қорғаныс аумағы (СҚА) шекарасында ластаушы заттардың шоғырлануы, олардың трансформациясы мен жиынтық әсерін ескере отырып, гигиеналық нормативтерде белгіленген шекті рұқсат етілген мәндерден аспайтынын көрсетті.

ЖГӨЗ объектілерін пайдалану кезіндегі ластаушы заттардың неғұрлым көп таралу аймағымен сипатталатын әсердің ең жоғары есептік бағыты жоспарлы-алдын алу жөндеулерін (ЖАЖ) жүргізу кезеңінде байқалады. Әсер ету бағытының ең жоғары радиусы ЖГӨЗ өндірістік алаңының шекарасынан 830 метрден аспайды, бұл алдын ала (есептік) СҚА - 1000 м мөлшерінен аспайды.

4.2. Су ресурстары. Су тұтыну және су бұру

Жоба аумағында гидрографиялық желі жоқ. Жобаланатын ЖГӨЗ орналастыру алаңынан жақын жердегі жер үсті су объектісі 60 км-ден астам қашықтықта (Каспий теңізі) орналасқан.

Жобаланатын ЖГӨЗ объектілері су қорғау аймақтары мен белдеулерінен тыс орналасқан («Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» РММ-нің 16.08.2024 № 27-7-01-4/1665 хаты).

ЖГӨЗ құрылысы ауданында жер үсті су объектілерінің жоқтығын назарға ала отырып, су объектілеріне әсері күтілмейді.

Сумен жабдықтау көздері

ЖГӨЗ ауыз сумен жабдықтау көзі қолданыстағы «Түйесу - Жаңаөзен» ауыз су магистральдық суағары арқылы жүзеге асырылады.

Ауыз су қажеттіліктері үшін бөтелкедегі су пайдаланылатын болады. Ауыз судың сапасын бақылауды жеткізуші мен Қоғамдық денсаулық департаменті қамтамасыз ететін болады.

Судың өртке қарсы қоры, өртке пайдаланылатын сулар сақтау резервуарларында болады.

Су тұтыну.

Пайдалану кезеңінде ЖГӨЗ жұмысын қамтамасыз ету үшін келесідей сумен жабдықтау жүйелері көзделеді:

- өртке қарсы сумен жабдықтау;
- шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау;
- өндірістік сумен жабдықтау.

Шаруашылық-ауыз сумен және өндірістік сумен жабдықтау жүйесі қызмет көрсететін персоналдың шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына, өндірістік орын-жайлардың суға түсетін орындарының торларына, асханада тағам дайындауға, авариялық душтарды ауыз сумен қамтамасыз етуге, жылумен жабдықтау жүйесін қуаттауға, зауыттық көлік құралдарын жууға, суды деминерализацияланған суды дайындау бөлімшесіне беруге, сонымен қатар жылдың жылы мезгілінде жасыл желектерді суаруға арналған.

Өртке қарсы сумен жабдықтау жүйесі өндірістік және қойма аймағын өрт кезінде өртті сөндіруге арналған және шығын тиісінше 182,22 л/с және 200 л/с құрайды.

Шаруашылық-ауыз су, технологиялық және өндірістік қажеттіліктерге суды тұтыну. Су беру ауыз су сақтау резервуары бар сорғы стансасында жүзеге асырылады.

Суды минералсыздандыру қондырғысы. Келіп түсетін суды жоюға арналған. Тазартылған су резервуарда сақталады және содан кейін су алу нүктелеріне беріледі.

Өрт сөндіруге арналған суды сақтау резервуарлары және сорғы станциясы. Кәсіпорын аумағында өрт сөндіру және көбікпен сөндіру жүйелері үшін суды сақтауды және беруді қамтамасыз етеді. Су төтенше жағдайларға дайындықты қамтамасыз ету үшін желіде үнемі болады. Сорғы станциясы өрт сөндіру жүйесіндегі қажетті қысымды ұстап тұрады.

Су бұру

ЖГӨЗ жұмысын қамтамасыз ету үшін келесідей су бұру жүйелері көзделеді:

- шаруашылық-тұрмыстық кәріз;
- өндірістік-жаңбырлату кәрізі;
- құрамында тұзы бар ағынды сулар кәрізі;
- тазартылған сарқынды су желісі.

Шаруашылық-тұрмыстық кәріз жүйесі зауыт алаңында орналасқан жобаланатын ғимараттардың санитариялық құрылғыларынан тұрмыстық сарқынды суларды жинау және бұру үшін қызмет етеді. Шаруашылық-ауыз сарқынды сулар жобаланатын кәріздік сорғы станциясына жіберілетін болады және қысымды құбыр арқылы қолданыстағы қалалық кәріздік тазарту құрылыстарына кейіннен бұрумен қолданыстағы магистральдық кәріздік желіге айдалатын болады.

Өндірістік-жаңбырлату ағындарының жүйесі жаңбыр ағындарын, қоршалған алаңдардан өрттен кейінгі ағындарды, көлікті жуудан, арнайы киімді жуудан, автокөлік тұрақтарынан едендерді жуудан орын алған сарқынды суларды жинау үшін көзделген.

Құрамында тұз бар сарқынды сулар жүйесі минералданбаған суды дайындау бөлімшесінен қабатқа одан әрі айдау үшін тазартылған сарқынды сулардың сыйымдылығына сарқынды суларды (концентратты) бұру үшін қызмет етеді.

Тазартылған сарқынды су желісі «Өзенмұнайгаз» АҚ кен орнындағы қабатқа айдау үшін қызмет етеді.

Жергілікті тазарту құрылғылары. Ластанған жаңбыр ағындары, өрт сөндіргеннен кейінгі су, өндірістік сарқынды сулар, сондай-ақ қондырғылардағы конденсаттар жерасты құбырлары мен жерүсті дренаж арналары арқылы жиналады, одан әрі ластанған өндірістік-жаңбырлатудың сарқынды сулар резервуарына түседі. Содан кейін резервуардан өндірістік-жаңбырлатудың сарқынды суларын тазарту қондырғысына, содан кейін тазартылған сарқынды суларды жинау үшін резервуарға жіберіледі.

Тұщыландыру станциясында пайда болатын жоғары шоғырланған тұзды сулар арнайы резервуарға келіп түседі, ол жерден қойнауқатқа айдау үшін МГӨЗ шегінен шығарылады. Сарқынды сулардағы шөгінділер буландыру резервуарында шоғырландырылады, содан кейін жиналады және одан әрі өңдеу үшін тасымалданады.

Су балансы

Пайдалану кезеңіндегі су балансы 2 кестеде берілген.

2 Кесте Су тұтыну мен су бұрудың су балансы. Пайдалану

Өндіріс	Су тұтыну, м ³ /жыл	Қайтарымсыз тұтыну, м ³ /жыл	Су бұру, м ³ /жыл
Бөтелкедегі суды есептегендегі шаруашылық-ауыз су қажеттілігіне	23050.0	11100.0	11950.0
Өртке қарсы сумен жабдықтау жүйесіне	10000.0	10000.0	-
Өндірістік қажеттілікке,	33830.	0,0	125380.0
Жиыны:	66880.0	21100,0	137330.0

Ескертпе:

өртке қарсы сумен жабдықтау жүйесін, жаңбыр және еріген қар сулары есебінен толтырудың бейтеңгерімділігі

Рұқсат етілген ағызулар нормативі бойынша ұсынымдар

Ластаушы заттардың рұқсат етілген төгінділерінің нормативтері **белгіленбейді**, өйткені ЖГӨЗ құрылысы мен пайдалану кезеңінде барлық сарқынды суларды өзге ұйымдарға беру немесе шарттық негізде өзге ұйымның («Өзенмұнайгаз» АҚ кен орны) аумағындағы қабатқа айдау жоспарланып отыр. Тиісінше су объектілеріне немесе жер бедеріне сарқынды суларды ағызу орын алмайды. Сарқынды суларды қабатқа айдау үшін беру кезінде жергілікті тазарту құрылыстарында ластаушы заттардан, оның ішінде мұнай өнімдерінен, жүзгінді заттектер мен күкіртті сутектен тазарту жүргізіледі.

4.3. Өндіріс және тұтыну қалдықтары

Жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру өндіріс және тұтыну қалдықтарының пайда болуына әкеледі.

Газ өңдеу зауытын пайдалану процесінде қалдықтар газды өңдеудің технологиялық процестері, жабдықтарды пайдалану және қызмет көрсету, тазарту және сүзу жүйелерінің жұмысы, химиялық реагенттерді қолдану, сондай-ақ қосалқы жүйелердің жұмыс істеуі және персоналдың шаруашылық-тұрмыстық қызметі нәтижесінде түзіледі.

Қалдықтардың негізгі түрлері өндірістік қалдықтар (пайдаланылған майлар, сүзгілер, адсорбенттер, катализаторлар, шламдар, ластанған құм, жабдықтарды тазалау қалдықтары), химиялық реагенттердің және қаптамалардың қалдықтары, металл сынықтары, есептен шығарылған жабдықтар, сондай-ақ коммуналдық, медициналық және басқа да тұтыну қалдықтары болып табылады (3-кесте).

3 Кесте Қалдықтардың жинақталу мөлшері. Пайдалану

Атауы	Қалдықтар мөлшері, т/жыл
Өндіріс қалдықтары	292,708
Тұтыну қалдықтары	98,246
Жиыны:	390,954

Пайдалану кезеңінде күтілетін қалдықтардың жалпы мөлшері жылына **390,954** тоннаны құрайды.

Газ өңдеу зауытының аумағында қалдықтарды көмуге жол берілмейді. Кәсіпорында қалдықтарды ұзақ уақыт сақтауға арналған полигондар немесе өзге де объектілер жоқ. Құрылыс және пайдалану процесінде пайда болатын барлық қалдықтар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес, алты айдан аспайтын мерзімге арнайы жабдықталған алаңдарда уақытша жинақталады. Уақытша сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін қалдықтар одан әрі кәдеге жарату, залалсыздандыру немесе қайта өңдеу үшін тиісті лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға берілетін болады.

4.4. Әсерлердің физикалық факторлары

Қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсер етудің негізгі физикалық факторы шу болып табылады. Шу жобаланатын кәсіпорынның құрылысы мен оны пайдалану кезінде қоршаған ортаға әсер етудің сөзсіз факторы болып табылады. Шудың әсерін тікелей қайтарымсыз кері әсер деп санауға болады.

Акустикалық есептің нәтижелері бойынша шудың нормативтік деңгейі 45 дБА (тәуліктің түнгі уақытына арналған норматив) кәсіпорынның оңтүстік шекарасынан шамамен 325 м қашықтықта қалыптасатыны анықталды. Көрсетілген қашықтық шудың осы деңгейіне жететін ең жоғарғы қашықтық болып табылады. Кәсіпорынның алдын ала (есептік) СҚА шекарасында шудың баламалы деңгейі 34 дБА құрайды. Көздерден алыстау шамасына қарай шу әсері азаяды және қоныстану аумағында шудың баламалы деңгейінің есептік мәні 17 дБА-дан аспайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде құрылыс жұмыстарын жүргізу және пайдалану кезіндегі шу қоршаған ортаға және жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарына елеулі теріс әсер етпейді деген қорытынды жасауға болады.

5. ТАБИҒИ ОРТА КОМПОНЕНТТЕРІНЕ ЫҚТИМАЛ ЕЛЕУЛІ ӘСЕРЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1. Көзделіп отырған қызметтің адамдардың денсаулығына , олардың өмір сүру және қызмет ету жағдайларына күтілетін әсері

Халықтың денсаулығы мен өмір сүру деңгейін қоса алғанда, әлеуметтік-экономикалық аспектілер ЖГӨЗ құрылысы мен пайдаланудың әсерін бағалаудың негізгі объектілерінің бірі болып табылады.

Құрылысқа 800-ден астам адам жұмылдырылатын болады.

ЖГӨЗ пайдалануға беру:

- зауытта 214 жаңа жұмыс орнын құруға;
- аутсорсинг ұйымдары үшін 308 жаңа жұмыс орнын құруға;
- барлық деңгейдегі бюджеттерге салықтық түсімдерді едәуір ұлғайтуға;
- жұмысқа орналасқан халықтың өмір сүру сапасын арттыруға;
- өңірде жаңа инженерлік инфрақұрылым құруға мүрсат береді.

Еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді жергілікті жұмыс күшінің есебінен де, кадрлар даярлауды ұйымдастыру және көші-қон саясаты негізінде де жүзеге асыру жоспарланып отыр.

ЖГӨЗ құрылысы мен оны пайдалану кезінде адамдардың денсаулығына негізгі ықтимал теріс әсер атмосфералық ауаның ластануы, шу әсері және т.б. болуы мүмкін. Жоспарланатын қызметтің адамдардың денсаулығына жанама әсер етуі адамдардың өмір сүру жағдайларымен, яғни қаланың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен байланысты болуы және еңбекпен қамту деңгейінде, медициналық қызмет көрсету деңгейінде көрініс табуы мүмкін.

ЖГӨЗ жақын тұрғын аймақтан едәуір қашықтықта болуына байланысты (3.3 км) жергілікті халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне әсері күтілмейді. ЖГӨЗ алдын ала санитарлық-қорғау аймағының шекарасында (1000 м) тұрғын үй құрылысы аумағы жоқ, бұл СҚА аумағы шегінен тыс елді мекендерде қауіпсіз тұруға кепілдік береді.

Жергілікті халықтың/персоналдың денсаулығына тікелей және төмен жанама оң әсер ету болжанады. Тікелей оң әсерге ЖГӨЗ құрылысы кезінде де, пайдалану кезінде де жұмыс істейтін персоналдың өмір сүру сапасын арттыруды жатқызған жөн. Жаңа жұмыс орындарын құру және персоналдың жеке табысын ұлғайту жергілікті халықтың әл-ауқатының артуымен және өмір сүру жағдайларының жақсаруымен сүйемелденетін болады.

Кірістердің өсуі тұрғындардың өмір сүру жағдайларын дербес жақсарту жөніндегі мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Кірістердің өсуі есебінен сатып алу қабілеті, ақылы медицинаға қол жетімділік артады және тиісінше адамдардың денсаулық жағдайы тікелей ЖГӨЗ және осы өндіріске қызмет көрсететін кәсіпорындарда жақсарады.

Жұмыскерлердің қымбат тиімді дәрі-дәрмектерді сатып алу, жергілікті, сондай-ақ өңірлік және республикалық деңгейлерде қажетті ақылы медициналық көмек алу мүмкіндігі жанама оң әсер болып табылады.

Жұмысқа тартылатын персонал міндетті медициналық куәландырудан өтеді, ЖГӨЗ аумағында жеке медициналық пункт жобаланады, сондай-ақ персоналға медициналық қызмет көрсетуге Жаңаөзен қ. мемлекеттік емес медициналық мекемелерімен қосымша шарттар жасасу жоспарлануда. Аталған шаралар жақын елді мекендердегі зауытта қауіпті жұқпалы аурулардың дамуын болдырмауға қызмет етеді.. Сонымен қатар, жоспарланған қызмет іс жүзінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға әсер етпейді. Белгіленген қызметтің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға әсері шамалы деп бағаланады..

Материалдық активтер, тарихи-мәдени мұра объектілері. Жобаланатын ЖГӨЗ учаскесінде емдеу-сауықтыру орындары мен курорттардың, курорттар мен емдеу-сауықтыру орындарының санитарлық қорғау аймақтарының, емдеу-сауықтыру орындары мен курорттар аумақтарын санитарлық (таулы-санитарлық) қорғау аймақтарының аумақтары жоқ ("Жаңаөзен қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» " ММ 02.10.2024 № 01-34-1487хаты).

Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде (Әкімдіктің 2020 жылғы 7 қазандағы № 166 қаулысы) Жаңаөзен қаласының маңында, демек, ЖГӨЗ алаңының жанында орналасқан бірде-бір тарихи-мәдени мұра объектісі жоқ.

Осыған байланысты, ЖГӨЗ құрылысы Жаңаөзен қаласының және жалпылай алғанда, барлық Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайына оң әсерін тигізеді деп күтуге болады. Бұл ең алдымен өңірдің экономикалық және өнеркәсіптік әлеуетінің артуымен, шағын және орта бизнестің дамуымен байланысты. Бұл жобаның ерекше құндылығы - бұрын ескі зауытта жұмыс істейтін мамандарды жұмыспен қамтамасыз ету және оларды қайта даярлау (қажет болған жағдайда). Қаладағы жұмыссыздық индексі үлкен болғанда бұл өте маңызды фактор. Жұмыстың болуы халық табысының деңгейін арттыруға, тұтыну қызметтеріне қажеттіліктің өсуіне әкеп соқтырады, бұл инфрақұрылым мен әлеуметтік саланы дамыту үшін фактор болып табылады, жергілікті бюджетке салықтық түсімдердің ұлғаюына, аймақтағы тұрақтылық пен құқықтық қауіпсіздіктің өсуіне, білім берудің, ғылыми-техникалық саланың және т.б. дамуына ықпал етеді.

Қоршаған ортаның ластануы, келушілер мен жергілікті халық арасындағы әлеуметтік шиеленістің өсуі және т.б. сияқты ықтимал теріс факторлар әр түрлі бағыттардағы стратегиялар мен Жоспарларды әзірлеу, ҚО мониторингі, әлеуметтік жағдайды бақылау және т.б. жолымен жергілікті Әкімдікпен бірлесіп жобаның іске асырылуына қарай шешілетін болады.

